

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Заңды тұлғалар – Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 мамырдағы № 95 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 17 шілдеде № 9596 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 183 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 183 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және мемлекеттік қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Заңды тұлғалар – Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8420 тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 95 жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Заңды тұлғалар – Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қағидалары мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Қаржы орталығының қатысушысын мемлекеттік тіркеу Интернет желісі арқылы электрондық құжат түрінде берілген электрондық өтініш негізінде жүргізілуі мүмкін.

Заңды тұлғаны – Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысын мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтініш "электрондық үкіметтің" ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)) веб-порталында немесе [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталы арқылы толтырылып ұсынылады және электрондық цифрлық қолтаңба қойылады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Қ. Келімбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК